

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕ

«Арнайы педагогика» ғылыми-практикалық журналы

Мақаланы жариялау шарттары:

– Ғылыми зерттеулердің тұтастығын қамтамасыз ету үшін авторлар халықаралық ғылыми жарияланым стандарттарын ұстануы тиіс.

– Мақаланы ұсыну барысында автор мақаланың түпнұсқа екеніне, бұрын ешбір дереккөзде жарияланбағанына және басқа баспаларға ұсынылмағанына кепілдік береді. Басқа тілдерде жарияланған мақалалардың аудармалары қабылданбайды.

– Жасанды интеллектіні пайдалану арқылы мәтін генерациясының рұқсат етілген деңгейі 40–50%-дан аспауы тиіс. Авторлар ұсынылған материалдардың түпнұсқалығы, шынайылығы, ғылыми және практикалық маңыздылығы үшін толық жауап береді.

– Зерттеу нәтижелері нақты, бұрмаланбаған деректерге негізделуі тиіс, сондай-ақ материалдарды жинау, іріктеу және өңдеу кезінде пәндік талаптар сақталуы қажет.

– Мақаладағы авторлардың орналасу тәртібін авторлар өздері анықтайды және редакцияға тапсырылғаннан кейін ол өзгертілмейді. Редакциялау кезеңінде авторларды қосуға немесе алып тастауға жол берілмейді. Мақала қабылданғаннан кейін авторлар құрамын өзгертуге тыйым салынады.

– Бір автордан немесе сол автордың өзге авторлармен бірлесіп жазған мақаласынан бір нөмірге бір ғана қолжазба қабылданады.

– Бір мақаладағы бірлескен авторлар саны 4 адамнан аспауы тиіс.

– Мақаланың бірегейлік деңгейі 70%-дан төмен болмауы қажет (редакциялық алқа шешіміне сәйкес).

– Плагиатқа қарсы тексеруден екі рет өтпеген, сондай-ақ ресімдеу, мазмұн және журнал талаптарына сәйкес келмейтін материалдар үшінші тексеруге жіберілмейді және жарамсыз деп танылады.

– Егер мақалада балаларға қатысты зерттеу мәселелері қарастырылса, этикалық комитеттің қорытындысын ұсыну қажет.

– Мақалаларды қабылдауға арналған электрондық пошта: journalspecialedu.kz@yandex.kz

Басым бағыттар:

1. Арнайы білім беру: мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру кеңістігіне кіріктірудің теориялық негіздері мен практикалық модельдері.

2. Ерте көмек және диагностика: дамудағы бұзылыстарды ерте кезеңде диагностикалау, алдын алу және түзету, жеке дамыту бағдарламалары.

3. Арнайы педагогикалық-психологиялық әдістемелер (логопедия, сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика, психология): мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістері.

4. Отбасы және әлеуметтену: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелейтін отбасыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

5. Цифрландыру және ассистивтік технологиялар: түзету-дамыту үдерісінде заманауи АКТ қолдану.

6. Педагогтерді даярлау: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге арналған мамандарды даярлау үрдістері мен тәжірибелері.

Жарияланым тілдері:қазақ, орыс және ағылшын тілдері.

Мақалаларды ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

Ғылыми мақаланың құрылымы:

- атауы,
- аңдатпа,
- түйін сөздер,
- кіріспе,
- материалдар мен әдістер,
- нәтижелер,
- қорытынды, автор ұсынымдары,
- қаржыландыру туралы ақпарат (болған жағдайда),
- әдебиеттер тізімі.

Мақала көлемі (атауы, авторлар туралы мәліметтер, аңдатпа, түйін сөздер және әдебиеттер тізімін есептегенде) **1500 сөзден кем болмауы және 4000 сөзден аспауы тиіс**. Егер мақаланың көлемі 4000 сөзден асса, редакция материалды бірнеше нөмірге бөліп жариялауға құқылы.

Қолжазбалар **Microsoft Word** форматында ұсынылады. Редакцияға мақаланың **электрондық нұсқасы** жіберіледі.

2. Ресімдеу және форматтау

- **Форматы:** *Microsoft Office Word (Windows)*.
- **Қарпін:** *Times New Roman* (орыс және ағылшын тілдері үшін), *KZ Times New Roman* (қазақ тілі үшін).
- **Негізгі мәтін қарпі:** **14 кегль**, қара түсті.
- **Жоларалық интервал** – 1,0; **жиіктер:** сол жақ – 30 мм, оң жақ – 15 мм, жоғарғы және төменгі – 20 мм; мәтінді туралау: ені бойынша.

Иллюстрациялар мен формулалар:

– Мақала мәтінде қолданылған барлық суреттердің, бейнелер мен кестелердің және басқа да графикалық материалдардың сілтемелері міндетті түрде болуы тиіс. Суреттерді, оның ішінде жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып жасалған бейнелерді пайдалануға, олардың қайдан алынғаны немесе тәсілі міндетті түрде көрсетілген кезде ғана жол беріледі.

– Суреттердің электрондық нұсқасы *TIF* немесе *JPG* форматында, кемінде 300 dpi сапада ұсынылады.

– Математикалық формулалар *Microsoft Equation Editor* арқылы теріледі (әр формула – жеке нысан).

3. Мақаланың құрылымы

1. **ҒТАМР (ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикаторы)** – <https://grnti.ru/>

2. **Мақала атауы** – үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын), қалың қаріппен.

3. **Автор(лар)дың аты-жөні** – үш тілде (қалың қаріппен).

4. **Аффилиация** – жұмыс/оқу орны, қала, ел (үш тілде).

5. **Аннотация** – зерттеу мақсаты, негізгі нәтижелер мен қорытындылар қысқаша баяндалады;

– көлемі: 150–300 сөз;

– қаріп: курсив, 12 кегль;

– үш тілде ұсынылады.

6. **Түйін сөздер** – 4–8 сөз немесе сөз тіркесі (әрқайсысы 3 сөзге дейін), маңыздылық деңгейі бойынша беріледі.

4. Мақаланың негізгі бөлігі

1. **Кіріспе** – алдыңғы зерттеу нәтижелері, әдістер, рәсімдер сипатталады.

2. **Материалдар мен әдістер** – зерттеу барысы мен әдістері.

3. **Нәтижелер** – эксперимент кезеңдері, аралық нәтижелер, көрнекі деректер.

4. **Талдау** – нәтижелерді салыстыру, интерпретация.

5. **Қорытынды** – негізгі жетістіктер мен заңдылықтар (түсіндірусіз).

6. **Алғыс / қаржыландыру туралы ақпарат** – болған жағдайда.

7. **Әдебиеттер тізімі** – тек мәтінде сілтеме жасалған дереккөздер.

5. Әдебиеттер тізімі

– *PubMed*, *Scopus*, *Web of Science* басылымдарын қоса алғанда, отандық және халықаралық дереккөздер қамтылуы тиіс.

– Барлық сілтемелер шаршы жақшамен беріледі.

– Кирилл қарпіндегі еңбектер екі нұсқада ұсынылады:

1. түпнұсқа,

2. романизацияланған нұсқа (*References*).

References ресімдеу (14 кегль):

Автор(лар) → мақала атауы → [ағылшын тіліндегі аудармасы] → дереккөз атауы → жарияланым деректері.

Ұсынылатын сайттар:

– <https://translit.ru/>

– <https://qazlat.kz>

6. Авторлар туралы мәліметтер

(«Біздің авторлар» бөлімі үшін үш тілде беріледі)

1. Қазақ тілінде: аты-жөні, ғылыми атағы, дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны, қаласы, елі, e-mail, телефон.

2. Орыс тілінде: имя, отчество и фамилия; ученое звание, степень; должность; место работы; город, страна; e-mail; телефон.

3. Ағылшын тілінде: name, patronymic, surname, academic title, degree, position, organization, city, country, e-mail, phone.

Автордың аты-жөні атау септігінде, толық түрде жазылады.

7. Нормативтік сілтемелер

Ғылыми мақалалар келесі стандарттарға сәйкес рәсімделеді:

– МЕМСТ 7.5-98 – Ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесіне (СИБИД) кіретін мемлекетаралық стандарт.

Толық атауы: «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспамен ресімдеу».

– МЕМСТ 7.1-2003 – бұл құжаттардың библиографиялық сипаттамасын жасаудың жалпы талаптары мен ережелерін белгілейтін негіз қалаушы мемлекетаралық стандарт.

«Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері».

8. Мақаланың үлгісі

Мукажанова Э.Т.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының әдіскері, педагогика ғылымының магистрі
elmira_mukajanova@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ИНКЛЮЗИВТІ ЖАҒДАЙДА ЕРЕКШЕ БАЛАМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ДАЙЫНДЫҒЫ

Қазіргі таңда еліміздің мектепке дейінгі, орта білім, кәсіптік білім, тіпті жоғары оқу орындардың білім беру жүйесінде ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуына мүмкіндік берілген. Бұл арнайы педагогика саласының үздіксіз қарқынды дамудың айқын көрнісі. Қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуындағы өзгерістер, білім алушылардың алуан түрлілігін мойындау және әрбір баланың сапалы білім алуға тең құқығын қамтамасыз ету қағидаты инклюзивті білім берудің басым бағытына айналдырды. Инклюзивті орта жағдайында білім беру үдерісінің тиімділігі көбіне педагог кадрлардың кәсіби даярлық деңгейіне, олардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс істеуге дайындығына және заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруіне байланысты.

Ғылыми мақаланың теориялық бөлімінде «ерекше қажеттілігі бар бала», «инклюзивті білім беру» ұғымына анықтама беріліп, инклюзивті білім беруге қарасты зерттеу жұмыстарына талдау жүргізілді. Жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктілігі туралы теориялық талдау жасалынды.

Эмпирикалық бөлімінде жалпы білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып мұғалімдеріне арнайы сауалнама даярланды. Сауалнама негізінде жалпы білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып мұғалімдерінің «ерекше балаға» көзқарасы және сабақ барысында кездесетін қиындықтары анықтала отырып, оның нәтижелері шығарылды.

Түйін сөздер: жалпы білім беру, инклюзивті білім беру, жеке бағдарлама

Мукажанова Э. Т.

Методист Национального научно-практического центра развития специального и инклюзивного образования, магистр педагогических наук
elmira_mukajanova@mail.ru

ГОТОВНОСТЬ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К РАБОТЕ С ДЕТЬМИ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В настоящее время в системе образования страны, включая дошкольный, средний, профессиональный и высший уровни, обеспечены условия для получения образования обучающимися с особыми образовательными потребностями. Это свидетельствует интенсивном развитии специальной педагогики как научно-практической области. Изменения в социокультурном развитии общества, признание разнообразия обучающихся и принцип обеспечения равного права каждого ребенка на качественное образование сделали инклюзивное образование приоритетным направлением. В условиях инклюзивной образовательной среды эффективность образовательного процесса в значительной степени определяется уровнем профессиональной подготовки педагогических кадров, их готовностью к работе с обучающимися с особыми образовательными потребностями и степенью освоения современных педагогических технологий.

В теоретическом разделе дается определение «ребёнок с особыми образовательными потребностями» и «инклюзивное образование», а также осуществлён анализ научных исследований инклюзивного образования. Также проведён теоретический анализ уровня профессиональной компетентности педагогов общеобразовательных школ, работающих с данной категорией обучающихся.

В эмпирическом разделе разработан инструментарий анкетирования для учителей начальных классов системы общего образования. По результатам анкетирования выявлены особенности отношения педагогов к обучающимся с особыми образовательными потребностями, а также определён спектр трудностей, возникающих в процессе их обучения; обобщены и интерпретированы полученные данные.

Ключевые слова: общеобразовательное, инклюзивное образование, индивидуальная программа

Mukazhanova E.T.

Methodologist of the National Scientific and practical Center for the development of special and inclusive education, Master of pedagogical science
elmira_mukajanova@mail.ru

PREPARATION OF PRIMARY SCHOOL TEACHERS TO WORK WITH A SPECIAL CHILD IN AN INCLUSIVE ENVIRONMENT

The national education system, encompassing preschool, secondary, vocational, and higher levels, ensures access to education for students with special educational needs, reflecting the dynamic development of special pedagogy. Sociocultural transformations, recognition of learner diversity, and the principle of equal access to quality education have established inclusive education a priority. In this context, the effectiveness of the educational process depends on teachers' professional competence, their readiness to work with such students, and their use of modern pedagogical technologies.

The theoretical section defines the concepts of “child with special educational needs” and “inclusive education” reviews relevant research. It also examines the professional competence of teachers working with this group of learners.

In the empirical section, a questionnaire was developed for primary school teachers in the general education system. Based on the results of the questionnaire, the study identified the characteristics of teachers' attitudes towards students with special educational needs and the range of difficulties they face in the learning process. The data were summarized and interpreted.

Key words: general education, inclusive education, individual program

Кіріспе

Ерекше қажеттілігі бар бала - бұл қоғамдық ортаға енуде және білім алуында қиындықтары бар арнайы оқыту әдістерін талап ететін тұлғалар. Арнайы білім беру қажеттіліктері – білім беру және дамыту процесінде көмек пен қызмет көрсетуге деген қажеттіліктер, онсыз сапалы білім алу мүмкін емес; білім алудың ерекше шарттары - арнайы білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық және басқа да құралдарды, кедергісіз ортаны, мамандардың көмегін және басқа да қызметтерді қамтитын шарттар, оларсыз арнаулы білім беретін адамдардың (балалардың) жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруі мүмкін емес. Сондықтан да жалпы білім беру шарттарында ерекше баланы оқыту да бастауыш сынып мұғалімдері тиімді және қол жетімді әдстерді қолдану қажет. Тек сонда ғана ерекше бала инклюзивті ортаға сәтті кірігеді. Мақала да жалпы білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып мұғалімдерінің ерекше баламен жұмыс жасау барысындағы қиындықтар анықталады.

.....

Материалдар мен әдістер

Zeiger пікірінше, мұғалімдер оқу бағдарламасының негізгі орындаушылары болып табылады; сондықтан олар оқу ортасын құру үшін барлық компоненттерді біріктіру үшін айтарлықтай білімге, дағдыларға және дағдыларға ие болуы керек. [1,326].

Мәтін мәтін Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Зерттеу нәтижелері

Мәтін мәтін Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін


Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін (1-кесте)

1 кесте – Инклюзивті білім беруг анықтамаларына талдау

--	--

Елімізде ерекше білім алуды қажет ететін балалармен жұмыс жасайтын мекемелер саны күннен күнге көбейюде. Қазіргі таңда арнайы білім беру мекемелер саны 508. Оның ішінде облыстар мен қалалар бойынша (1-сурет):

- Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар-45;
- Арнайы мектеп ұйымдары-99;
- Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер-110;
- Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері-230;
- Оңалту орталықтары-13;
- Аутизм орталығы-11.



1 сурет – Қазақстан Республикасындағы арнайы білім беру ұйымының сандық көрсеткіші

Талқылау

Жоғарыдағы зерттеу жұмысының, яғни сауалнама нәтижесін саралай отырып жалпы білім беру жүйесіндегі педагог қызметкерлерінің ерекше қажеттілігі бар бала туралы мәліметтерін толықтыру және оны оқыту, қажетті құжаттарды дұрыс рәсімдеуге әлі де бағыт бағдар беру маңызды орын алады.

.....

Қорытынды

Инклюзивті білім беру жағдайындағы бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі – бұл инклюзивті сыныпта қалыпты және мүмкіндігі шектеулі балалармен тұлғаралық қарым-қатынас орната білетін, әрбір баланың білім алуындағы қажеттіліктерін ескере отырып, тиімді сабақ жоспарын жасай білетін және әр баланың жас ерекшелігі мен дамуына сай жүйелі және сапалы біліммен қаруландыратын білікті маман.

Зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытынды шығаруға болады:

1. Бастауыш сынып мұғалімі қазіргі таңдағы білім беру үрдісіндегі өзгерістері мен толықтырулары туралы ақпараттарын әлі де жетілдіруді талап етеді.

2. **Жалпы білім беру жүйесіндегі әкімшілік қызметкерлері мен мұғалімдері жылына 1 рет арнайы біліктілікті көтеру курстарынан өту.**

ӘДЕБИЕТ

1. Шумилова Е.А., Чернышенко Н.С. Профессиональный портрет педагога – компонент бренда инклюзивной дошкольной образовательной организации.

/Гуманитарные технологии в современном мире: материалы VIII Международной научно-практической конференции. – Калининград, 2020. – №2. – С. 84-85.

2. **Haruo Fujino, Megumi Matsumoto, Aya Mieno** Interactions between special education teachers and children with chronic complex conditions: Rapid & Transparent Publishing [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://doi.org/10.12688/f1000research.129122.2>

3. **Абаева Г.А., Оразаева Г.С.** Подходы к образованию лиц с «особыми нуждами» и опыт подготовки специальных педагогов в странах восточной европы //Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(81), 2024 ж.- 24с.

4. **Дюсенбаева Б.А.** Диссер. на соискание ученой степени доктора философии PhD «Подготовка специального педагога к работе в условиях инклюзивного образования», Алматы, КазНПУ имени Абая, 2022.

5. **Dyussenbaeyeva B, Kuznetsova M, Alpysbayeva M, Nietbaeva G.** Training a special teacher: Opinions and experience of teachers in the conditions of inclusive education. // Cypriot Journal of Educational Sciences. 2022. – №17(3). – P. 920-929. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: DOI:[10.18844/cjes.v17i3.6985](https://doi.org/10.18844/cjes.v17i3.6985)

6. <https://special-edu.kz/kz/>

REFERENCES

1. **Shumilova E.A., Chernyshenko N.S.** Professional portrait of a teacher - a component of the brand of an inclusive preschool educational organization. / Humanitarian technologies in the modern world: materials of the VIII International scientific and practical conference. - Kaliningrad, 2020. - No. 2. - P. 84-85.

2. **Haruo Fujino, Megumi Matsumoto, Aya Mieno** Interactions between special education teachers and children with chronic complex conditions: Rapid & Transparent Publishing F1000 Research 2024,1-21s. [[Elektronnyi resurs]. – Rezhim dostupa: <https://doi.org/10.12688/f1000research.129122.2>

3. **Abayeva G. A., Orazayeva G. S.** training of persons with " special needs "and training of special teachers in foreign countries of Eastern Europe //Bulletin of Abai Kaznpu" Pedagogical Sciences " Series, No. 1(81), 2024. -24s.

4. **Дюсенбаева Б.А.** Диссер. на соискание ученой степени доктора философии PhD «Подготовка специального педагога к работе в условиях инклюзивного образования», Алматы, КазНПУ имени Абая, 2022.

5. **Dyussenbaeyeva B, Kuznetsova M, Alpysbayeva M, Nietbaeva G.** Training a special teacher: Opinions and experience of teachers in the conditions of inclusive education. // Cypriot Journal of Educational Sciences. 2022. – №17(3). – P. 920-929. [Elektronnyi resurs]. – Rezhim dostupa: DOI:[10.18844/cjes.v17i3.6985](https://doi.org/10.18844/cjes.v17i3.6985)

6. <https://special-edu.kz/kz/>

Авторлар туралы мәліметтер

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Мукажанова Эльмира Тайтолеуовна – Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми практикалық орталығының әдіскері, педагогика ғылымының магистрі elmira_mukajanova@mail.ru	Мукажанова Эльмира Тайтолеуовна- Методист Национального научно-практического центра развития специального и инклюзивного образования, магистр педагогических наук elmira_mukajanova@mail.ru	Mukazhanova Elmira Taitoleuovna- Methodologist of the National Scientific and practical Center for the development of special and inclusive education, Master of pedagogical science, elmira_mukajanova@mail.ru